

**Инвестор – жеке тұлғаға арналған
«UD Capital» АҚ пайларын сатып алу жөніндегі жаднама**



Пайларды сатып алу үшін:

1. Пайларды есепке алу үшін дербес шот ашу,
2. Басқарушы компанияға пайларды сатып алуға өтінім беру,
3. Сатыл алынатын пайларды төлеу қажет.

1-бөлім. Дербес шот ашу

Егер Сізде ОД-де немесе кез келген номиналды ұстаушыда дербес шотыңыз бар болса, онда бұл бөлімді өткізіп жіберуге болады.

Дербес шотты «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ (ОД) есеп жүйесінде де, «UD Capital» АҚ номиналды ұстаушысының есеп жүйесінде де ашуға болады.

ОД есеп жүйесінде дербес шот ашу

1. 1-нысан бойынша Іскерлік қатынастарды орнатуға өтінішті толтыру, басып шығару, қол қою және сканерлеу. https://kacd.kz/download/policy17/forms_business_relations_21052021_04.doc
2. 1-нысан бойынша Дербес шот ашуға бұйрықты толтыру, басып шығару, қол қою және сканерлеу. https://kacd.kz/download/policy1/forms_operdocs_depository_registrar4.docx
3. Жеке куәлікті сканерлеп шығару.
4. ОД-ң portal.kacd.kz порталында өз ЭЦҚ пайдаланып, құжаттардың сканерлеп шығарылған көшірмелерін жүктеу.
5. Іскерлік қатынастарды орнату және дербес шот ашу 5 жұмыс күннің ішінде жүзеге асырылады.

Инвестордың қалауы бойынша Компания қызметкерлері ОД-де дербес шот ашуға көмектесе алады. Ол үшін Компанияның кеңсесіне бару, жеке куәлік пен ЭЦҚ алып бару қажет.

«UD Capital» АҚ есеп жүйесінде дербес шот ашу

1. «UD Capital» АҚ кеңсесіне өзіңіздің баруыңыз қажет. Жеке куәлік өзіңізбен бірге болуға тиіс.
2. Компания қызметкерлері барлық қажетті құжаттарды толтыруға көмектеседі.
3. Дербес шот ашу 30 мин. ішінде жүзеге асырылады.

Инвестор уәкілетті органның тиісті лицензиясы бар кез келген номиналды ұстаушыда дербес шот ашуға құқылы.

2-бөлім. Пайларды сатып алуға өтінім беру

Пайларды сатып алуға өтінім беру үшін:

- «UD Capital» АҚ кеңсесіне барып, ол жерде Компания қызметкерлерінің өтінімді толтыруға көмектесуіне және оны қабылдауына мүмкіндік беруге, немесе
- Өтінімнің сканерленген көшірмесін жіберуге болады.

Өтінімнің сканерленген көшірмесін жіберу арқылы пайларды сатып алуға өтінім беру

1. «UD Capital» АҚ-ң сайтында өтінімнің нысанын жүктеп алу.
2. Өтінімді толтыру, сканерлеп шығару және fund@udcapital.kz электрондық мекенжайы бойынша жіберу.
3. Компания қызметкері қабылдағаны туралы белгісі және нөмір қойылған бар хабарлама жіберу арқылы жауап қайтарады.

3-бөлім. Сатып алынатын пайларды төлеу

Қор пайларын төлейтін ақша Қор ақшасының есебін жүргізу үшін ашылған банк-кастодианның шотына аударылады. Төменде ақша аударуға арналған үлгі келтірілген.

Сатып алынатын пайларды төлеуге арналған төлем тапсырмасының үлгісі	
Алушы	«UD Capital» АҚ басқаруші компания « <i>қордың атауы</i> » АИПҚ
Алушының БСН	211240027976
Шот нөмірі	KZ4394800USD22020059 («UDC Safe+» АИПҚ) немесе KZ7094800USD22020058 («UDC Progress» АИПҚ)
Кбе	15
Алушының банкі	«Еуразиялық банк» АҚ
БСК	EURIKZKA
Сомасы	<i>Өтінімде көрсетілген сома</i>
ТМК (төлем мақсатының коды)	690
Төлемнің мақсаты	<i>Өтінімнің нөмірі</i> өтінімге сәйкес « <i>қордың атауы</i> » АИПҚ пайларын сатып алу үшін меншікті қаражатты аудару

Қор пайларын ұстаушылардың тізілімінде инвестордың дербес шотына пайларды есепке алудың шарты өтінімнің болуы және оларды төлейтін ақшаның келіп түсуі болып табылады. Пайларды есепке алу осы шартты орындаған күннен кейінгі бірінші жұмыс күннен кешіктірмей жүзеге асырылады.

«UD Capital» АҚ кеңсесіне жүгінетін болсаңыз, Компания қызметкерлері ОД-де (ЭЦҚ бар болған жағдайда) дербес шот ашуға көмектесе алады, және дәл сол сәтте пайларды сатып алуға өтінім қабылдай алады. Сонымен қатар мүмкіндік болған жағдайда (мысалы, шотында пайларды сатып алуға арналған ақша жатқан банктің қолда бар қосымшасы) пайларды төлей алады.

Сауал қою және ақпаратты нақтылай үшін +7 (727) 350 77 07 телефонына хабарласуыңызды немесе fund@udcapital.kz жазуыңызды өтінеміз.

Осы жаднамада дербес шотты ашудың және пайларды сатып алудың толық тізілімі келтірілмеген. Жаднаманың мақсаты – әлеуетті пайшыларға ең жиі кездесетін тәсілдермен нұсқау беру болып табылады.